

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің 2008 жылғы 1 маусымдағы ағымдағы жағдайы

2008 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) жұмыс істеді. 2008 жылғы майда зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру бойынша қызметке берілетін лицензия заңды тұлғаларға берілген жоқ.

14 заңды тұлғаның қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиясы болды, оның ішінде 9 қор зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие. Мынаны атап өту қажет, ағымдағы жылдың мамыр айында зейнетақы активтерін инвестициялық басқару лицензиясы «Сенім» АЖЗҚ АҚ-да болды.

Есепті күнге 11 екінші деңгейдегі банк кастодиан қызметін жүзеге асырды. Сонымен қатар, қорларға кастодиандық қызмет көрсетуді мынадай 6 екінші деңгейдегі банк жүзеге асырды: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, АО «Темірбанк» АҚ - «ТұранӘлем Банкі» АҚ еншілес банкі, «Еуразия Банкі» АҚ және «АТФБанк» АҚ-ы.

Қорлардың салымшылары (алушылары)

Қорлар жинақтаушы зейнетақы жүйесіне республиканың экономикамен айналысып отырған халқын тартуды жалғастыруда, нәтижесінде салымшылардың жеке зейнетақы шоттарының (бұдан әрі - шот) саны тұрақты түрде өсіп отыр.

Сөйтіп, 2008 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 9 349 986 болды, жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасы 1 341,8 млрд. теңге болды. Ағымдағы жылдың қаңтар- мамыр айларындағы міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны 126 274 өсті немесе 1,37% болды, оның ішінде мамыр үшін - 27 054 (0,29%) болды.

2008 жылғы 1 маусымда 14 қор ішінде міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 4 қорға жинақталды: «МЖЗҚ» - 26,01%, «Қазақстан Халық Банкі» - 21,66%, «ҰларҮміт» – 14,69% және «БТА Қазақстан» - 9,81% немесе олардың үлесіне барлық қорлардың салымшылар жалпы санының 72,17% келеді. Ағымдағы жылдың мамыр айында 4 қордың үлесі осының алдындағы есепті айдың деңгейінде қалды.

Мамыр айында ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 12 (0,03%) кеміп, 2008 жылғы 1 маусымда 41 248 болып, жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасы 877,9 млн. теңге болды. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттары барлық қорларда болды.

2008 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының мейлінше көп саны мына қорларда болды: «Сенім» – 46,00%, «Капитал» – 18,57%, «ҰларҮміт» – 14,23% и «Д.А. Қонаев атындағы» - 13,51% немесе 4 қордың үлесіне шоттардың жалпы санының 92,31% келді.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының саны 2008 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 3 993 болды, 60,99 млн.теңге жалпы сомалы жинақталған зейнетақы қаражаттары бар. Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар екі қорда ғана болды: «ҰларҮміт» АҚ және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ. Фонды продолжают привлекать в накопительную пенсионную систему экономически занятое население республики, в результате постоянно увеличивается количество индивидуальных пенсионных счетов (далее – счет) вкладчиков.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты

2008 жылғы 1 маусымда салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты 1 346,8 млрд. теңге болды немесе ағымдағы жылдың 1 қаңтарымен

салыстырғанда 138,7 млрд. теңгеге немесе 11,48% өсті. Ағымдағы жылдың мамыр айында жинақталған зейнетақы қаражатының өсімі 46,7 млрд.теңге немесе осы жылдың сәуір айындағы қалыптасқан өсімі 1,5 есе көп болды.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты 2008 жылғы қаңтар-мамыр айларында мынандай көрсеткіштермен сипатталды:

(млрд. теңге)

Күні	Жинақталған зейнетақы қаражат сомасы	Өсім Прирост (осының алдындағы аймен салыстырғанда)	Өсім қарқыны, (%-бен)
01.02.2008 ж.-ға	1 221,4	13,3	1,10
01.03.2008 ж.-ға	1 249,8	28,4	2,33
01.04.2008 ж.-ға	1 269,3	19,5	1,56
01.05.2008 ж.-ға	1 300,1	30,8	2,43
01.06.2008 ж.-ға	1 346,8	46,7	3,59

Келтірілген кестеден көрініп тұрғандай, ағымдағы жылдың 1 сәуірінен бастап жинақталған зейнетақы қаражатының ай сайынғы қомақты түрдегі өсімі байқалып отыр. 2008 жылғы қаңтар–мамыр айларында жинақталған зейнетақы қаражатының орташа ай сайынғы өсімі 2007жылғы тиісті кезеңде 21,0 млрд. теңге бола отырып, 27,7 млрд.теңге болды.

2008 жылғы 1 маусымға 14 қордың 4-еуі мынадай мейлінше көп жинақталған зейнетақы қаражаты сомасын иеленді: «Қазақстан Халық Банкі» - 397,7 млрд. теңге (29,53%), «ҰларҮміт» - 232,3 млрд.теңге (17,25%), «МЖЗҚ» – 222,1 млрд. теңге (16,49%) және «БТА Қазақстан» - 149,2 млрд.теңге (11,08%) барлық қорлардың жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы көлемінің немесе осы 4 қорға барлық жинақталған зейнетақы қаражатының 74,35% келді.

Зейнетақы жарналарының жалпы түсімі мамыр айында 21,8 млрд. теңгеге (2,19%) өсе отырып, 2008 жылғы 1 маусымда 1 016,6 млрд. теңге болды. Зейнетақы жарналарының орташа ай сайынғы түсімі 2007 жылғы қаңтар-мамырда 17,3 млрд.теңге, ағымдағы жылдың қаңтар-мамырында олар 20,9 млрд.теңге немесе 20,81%-ға өсті.

Салымшылар мен алушылардың шоттарына есептелген зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен «таза» инвестициялық кіріс сомасы (комиссиялық сыйақыларды алып тастағанда) ағымдағы жылдың мамыр айында 26,7 млрд. теңгеге (7,43%) өсіп, 2008 жылғы 1 маусымда 386,8 млрд. теңге болды.

«Таза» инвестициялық кірістің өсу қарқыны 2008 жылғы қаңтар–мамыр айларында мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

(в млрд. теңге млрд. теңгемен)


Күні	«Таза» инвестициялық кіріс сомасы	Прирост (осының алдындағы аймен салыстырғанда)	Өсім қарқыны (%-бен)	Жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы «таза» инвестициялық кіріс сомасының үлесі (%)
01.02.2008 ж.-ға	337,5	-1,8	0,53	27,63
01.03.2008 ж.-ға	348,9	11,4	3,38	27,92
01.04.2008 ж.-ға	350,2	1,3	0,37	27,59
01.05.2008 ж.-ға	360,1	9,9	2,83	27,70
01.06.2008 ж.-ға	386,8	26,7	7,41	28,72

Келтірілген кестеден көрініп отырғандай, ағымдағы жылдың мамыр айында осының алдындағы есепті айлармен салыстырғанда «таза» инвестициялық кіріс сомасының

қомақты өсуі пайда болды және өсім сомасы 26,7 млрд.теңге болды немесе 2,7 есе өсті.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы «таза» инвестициялық кіріс үлесі 2008 жылғы 1 маусымда 28,72% болды немесе есепті ай ішінде үлес 1,02 пайыздық тармаққа өсті.

Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және жинақталған зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы



2008 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 8,4 млрд. теңге болған жинақталған зейнетақы қаражаты немесе оның осының алдындағы есепті аймен салыстырғанда 1,69%-ға өсуіне байланысты міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы ұстамағаны және аударым жасамағаны және жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға ауыстыру үшін айыппұл сомасы өсуін жалғастырып отыр.

2008 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша қорлардан сақтандыру ұйымдарына аударым жасалатын аударымдар және зейнетақы төлемдері 76,4 млрд. теңге болды немесе ағымдағы жылдың 1 мамырымен салыстырғанда 2,2 млрд.теңгеге өсті (3,00%). 2008 жылғы қаңтар-мамыр айларында қорлар жалпы сомасы 13,3 млрд. теңге зейнетақы төлемдерін жүзеге асырды, бұл 2007 жылғы тиісті кезеңде жүзеге асырылған 6,5 млрд. теңге зейнетақы төлемдерінен 2 есеге артық. Алушылардың зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес сақтандыру ұйымдарына 2008 жылғы қаңтар-мамыр айларында жалпы сомасы 106,5 млн. теңге жинақталған зейнетақы қаражаты 112 алушыға берілді.

Агенттік сайтында, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында қорлар жариялаған ақпаратты орналастыру, сондай-ақ салымшыларға (алушыларға) қорды дербес таңдауға және зейнетақы заңнамасы жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аударым жасау құқығын пайдалануларына мүмкіндік береді.


Нәтижесінде жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға жасалған аударым мамыр айында 9,4 млрд. теңгеге өсіп (3,86%), 2008 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 253,5 млрд. теңге болды. 2008 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда жинақталған зейнетақы қаражатының аударымдары 43,7 млрд.теңгеге өсті және 20,83% болды.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің құрылымы

2007 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі ағымдағы жылдың мамыр айы ішінде 49,7 млрд. теңгеге немесе 3,82%-ға өсіп, 1 352,4 млрд. теңге болды.

2007 жылғы 1 маусымнан бастап 2008 жылғы 1 маусым аралығы кезеңінде зейнетақы активтерінің орташа айлық өсуі 28,1 млрд. теңге болды.

Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы



Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемін бөлу

ЗАИБЖАҰ/ ЖЗҚ	Зейнетақы активтері	
	млн. теңге	%-бен
«Қазақстан Халық Банкінің» АҚ еншілес ұйымы «Қазақстан Халық Банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	399 320	29,53
"Жетісу" ЗАИБЖАҰ" АҚ	253 441	18,74
"ҰларҮміт" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	233 568	17,27
"Қорғау" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	19 873	1,47
"МЖЗҚ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	223 125	16,50
«ТұранӘлем Банк» АҚ еншілес ұйымы «БТА Қазақстан жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	149 867	11,08
ЗАИБЖАҰ"GRANTUM Asset Management" АҚ	79 695	5,89
«ГРАНТУМ» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ (Казкоммерцбанк» АҚ еншілес ұйымы)	79 695	5,89
«СЕНІМ» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ ("Еуразия Банкі" АҚ еншілес ұйымы)	43 471	3,21
«Капитал» ЖЗҚ» АҚ- «Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы	41 999	3,11
"Отан" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	35 231	2,61
"Нұр-Траст" ЗАИБЖАҰ" АҚ	32 375	2,39
"Атамекен" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ "Нұрбанк" АҚ ЕҰ	32 375	2,39
"МұнайГаз - Дем" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	33 266	2,46
"Д.А. Қонаев атындағы ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	28 822	2,13
"Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	27 334	2,02
"Premier Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	4 459	0,33
"РЕСПУБЛИКА" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	4 459	0,33
Жиынтық	1 352 405	100

2008 жылғы 1 маусымда инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі ағымдағы жылдың мамыр айында 52,5 млрд. теңгее немесе 4,10% өсе отырып, 1 331,9 млрд. теңге болды.

ЖЗК жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	01.06.2008ж.	
	млн. теңге	%-бен
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	338 238	25,40
ҚР еурооблигациялары	0	0,00
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	289 787	21,76
Ұлттық Банктің ноттары	48 451	3,64
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	157 742	11,84
Акциялар	53 988	4,05
Облигациялар	103 754	7,79
Шетелдік инвестициялық қорлардың пайлары	0	0,00
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	0	0,00
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	29 834	2,24
Тазартылған алтын	50 633	3,80
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	577 803	43,38
Акциялар а	179 304	13,46
Облигациялар оның ішінде:	398 499	29,92
Шетел валютасында номинирленген	3 727	0,28
Теңгеде номинирленген	394 772	29,64
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	176 218	13,23
Туынды бағалы қағаздар	1 389	0,11
Жиынтық	1 331 857	100

Келтірілген деректерден көрініп отырғандай, инвестициялық портфельдегі мейлінше көп үлесті ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары және жалпы үлесі 68,78% болатын немесе осының алдындағы есепті аймен салыстырғанда 0,9 пайыздық тармаққа өсіп отырған мемлекеттік бағалы қағаздар құрайды.

Қорлардың номиналды кірісі коэффициенті туралы мәліметтер

Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша 2008 жылғы 1 маусымдағы номиналды кірістің орташа алынған коэффициенті мынадай болды:

- 2003 жылғы мамыр – 2008 жылғы мамыр кезеңінде - 48,22%. Номиналды кірістің түзетілген орташа алынған коэффициенті – 44,37% (осыған ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі – 60,16%);


- 2005 жылғы мамыр – 2008 жылғы мамыр кезеңі аралығында – 34,09% (осыған ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі – 40,15%);

- 2007 жылғы мамыр – 2008 жылғы мамыр кезеңі аралығында - 9,88% (осыған ұқсас кезеңдегі инфляцияның деңгейі – 19,50%).

Ағымдағы жылдың мамыр айындағы жинақтаушы зейнетақы қорларының номиналды кірісі коэффициентінің өсуі мынадай болды:

- 12 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті бойынша 127,8 базистік тармаққа;
- 36 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті бойынша 140,5 базистік тармаққа;
- 60 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті бойынша 111,2 базистік тармаққа;

Зейнетақы активтері мен ЖЗҚ номиналдық кіріс коэффициентінің ара-қатынасы



Қорлардың қаржылық жағдайы

2008 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша қорлардың жиынтық капиталы 36,1 млрд. теңге болды, оның ішінде жарғы капиталы – 9,6 млрд. теңге немесе ол жиынтық капитал көлемінің 26,59%-ы болды. 2008 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша активтердің жалпы сомасы ағымдағы жылдың мамыр айында 4,5 млрд.теңгеге немесе 13,35%-ға өсіп, 38,2 млрд. теңге болды.

2008 жылғы қаңтар-мамыр айы ішінде 14 қордың 12-сі жалпы сомасы 6,7 млрд. теңге пайда алды (табыс салығын төлеген соң) және 2 қор («им. Д.А. Қонаев атындағы» және «Республика») жалпы сомасы 0,3 млрд. теңге шығынға жол берді. Жалпы ағымдағы жылдың қаңтар-мамыр айы ішінде жалпы сомасы 6,4 млн.теңге пайда алды.

Мынаны атап айту керек, ағымдағы жылдың мамыр айында жалпы қорлар бойынша пайда 3,5 млрд.теңгеге өсті, ал бұл өсім осы жылдың сәуір айында 1,7 млрд.теңге болды немесе одан 2,1 есе артық.

2008 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша қорлардың меншікті активтері есебінен болатын қаржылық инвестициялар 26,65 млрд. теңге немесе қорлардың жиынтық капиталының 73,82% болды.

Қорлар меншікті активтерінің 38,80%-ын Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес бағалы қағаздарына инвестициялады, 38,08%-ын мемлекеттік бағалы қағаздарға, 13,12%-ын «Кері РЕПО» операцияларына, 9,54%-ын екінші деңгейдегі банктердегі салымдарға, 0,26%-ын шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына, сондай-ақ инвестицияның жалпы көлемінің 0,20%-ын инвестициялық қорлардың пайларына орналастырды.

Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролі

Экономикадағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын қатысты көрсеткіштердің динамикасы	01.01.04	01.01.05	01.01.06	01.01.07	01.01.08	01.06.08
ЖІӨ млрд.теңге (Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің деректері бойынша)	4 612,0	5870,1	7 453,0	10 139,5	12 725,98	15 046,7
Жинақталған зейнетақы қаражаттарының ЖІӨ-не қатынасы, %-бен	7,99	8,24	8,70	8,97	9,49	8,95
Зейнетақы жарналарының ЖІӨ-не қатынасы, %-бен	5,99	6,48	6,88	6,74	7,17	6,76
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-не қатынасы, %-бен	2,15	1,95	2,08	2,52	2,67	2,57
Қорлардың капиталының ЖІӨ-не қатынасы, %-бен	0,14	0,14	0,16	0,20	0,23	0,24